

**«Бекітемін»**  
**«Дарын» РҒПО директорының м.а.**  
**А. Каркулова**  
**«08» маусым 2026 ж.**



**Математика пәнінен  
бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған  
республикалық «Математикалық регата» олимпиадасының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережесі.**

1. Республикамыздың барлық білім беру ұйымдарының типтері және түрлерінің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Математикалық регата» олимпиадасын (бұдан әрі — Олимпиада) өткізу туралы Ережесі Олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу және қатысу тәртібін, оның ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауын және Олимпиаданың жеңімпаздарын анықтау тәртібін реттейді.

**2.Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері.**

2. Мақсаты: бастауыш сынып мұғалімдерінің математиканы оқытудағы кәсіби шеберлігін жетілдіру және оқушылардың математикалық дайындығының сапасын арттыру.

3. Міндеттері:

- Математиканы оқыту саласында бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігін арттыру.
- Қазіргі заманғы білім беру технологияларын ескере отырып, бастауыш мектепте математиканы оқытудың формалары мен әдістерін жетілдіру.
- Педагогикалық және әдістемелік міндеттерді бірлесіп шешу және командалық өзара іс-қимыл дағдыларын дамыту.
- Педагогтерді шығармашылық тәсіл қолдануға ынталандыру және математиканы оқытуда инновациялық әдістерді енгізу.

**3.Олимпиаданың қатысушылары.**

4. Олимпиадаға республикамыздың білім беру ұйымдарының барлық түрлері мен типтерінің бастауыш сынып мұғалімдері қатыса алады.

5. Олимпиадаға соңғы 3 жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатыса алмайды.

6. Олимпиаданың кезеңдері:

I кезең-аудандық/ қалалық;

II кезең – облыстық; облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалалары білім басқармалары, облыстық «Дарын» орталықтары жүзеге асырады.

III кезең – қорытынды, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы өткізеді.

7. Республикамыздың әр облысы және Астана, Алматы, Шымкент қалалары Олимпиадаға құрамы 4 (төрт) адамнан тұратын команда ұсына алады. Әр команда



алдын-ала команда капитанын тағайындауы керек.

#### **4. Олимпиаданы өткізу мерзімі.**

8. Олимпиаданың қорытынды кезеңі жыл сайын сәуір айында өткізіледі (сәуірдің үшінші онкүндігі).

9. Аймақтардан сұраныстарды қабылдау 10 сәуірге дейін.

#### **5. Олимпиаданы өткізу тәртібі.**

10. Олимпиада төрт кезеңнен өтеді. Әр кезең - үш тапсырманың ұжымдық шешімінен тұрады.

11. Қамтылатын тақырыптар:

- 1) Логика, комбинаторикалық мүмкін мәндерді есептеу тапсырмалары
- 2) Геометриялық фигуралар, кеңістік ұғымына қатысты есептер
- 3) Бояу және цифрларға қатысты есептер
- 4) Ең үлкен және ең кіші мәнге қатысты есептер
- 5) Әртүрлі бағыттағы мәселе есептер
- 6) Санның бөлінгіштігіне қатысты есептер
- 7) Сиқырлы шаршыға қатысты есептер
- 8) Әріпті кроссвод есептері.

12. Олимпиадаға 70 астрономиялық минут ұсынылады:

- 10 минут I кезең тапсырмаларын шешуге;
- 15 минут II кезең тапсырмаларын шешуге;
- 20 минут III тапсырмаларын шешуге;
- 25 минут IV тапсырмаларын шешуге.

13. Әр кезеңнің нәтижелері Олимпиада хаттамасымен толтырылады және электрондық таблода көрсетіледі.

14. Олимпиада барысында калькулятор, ұялы телефондарымен басқа да байланыс түрлерімен пайдалануға тыйым салынады.

15. Әр кезеңде берілетін тапсырмалар саны мен уақыты:

- I кезең тапсырмаларын шешуде команда 18 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға 6 ұпайдан);
- II кезеңнің тапсырмаларын шешуде команда 21 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға 7 ұпайдан);
- III кезеңнің тапсырмаларын шешуде команда 24 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға 8 ұпайдан);
- IV кезеңнің тапсырмаларын шешуде команда 27 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға 9 ұпайдан).

16. Төрт кезеңде барлығы 12 есеп шығарылып, команданың жалпы жиынтық ұпайы 90 болуы тиіс.

17. Олимпиада нәтижелерімен келіспеген жағдайда, командалар апелляцияға тапсыруға құқылы. Апелляцияға тек команда капитаны қатыса алады.

18. Командалардан апелляцияға өтініш алған жағдайда, сараптау комиссиясы тапсырмаларды қайта тексеруді жүзеге асырады.

19. Апелляция нәтижесінде командалардың ұпай сандары көтеріліп, төмендетілуі немесе өзгеріссіз қалуы мүмкін. Даулы жағдайларда тексеру



қорытындылары туралы түпкіліктісоңғы шешімді сараптама комиссиясының төрағасы қабылдайды.

## **6. Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің функциялары**

20. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізуді республикалық ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады (бұдан әрі-Ұйымдастыру комитеті).

21. Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды атқарады:

- Олимпиада қатысушыларының тәртібін бақылайды;
- Олимпиада тапсырмаларының сараптау критерийлерін әзірлейді;
- Олимпиада қатысушыларына тапсырмалар әзірлейді;
- Олимпиаданың қатысушыларының құрамын анықтайды және Олимпиада нәтижелерін техникалық өңдеуді жүзеге асырады;
- қорытындысын шығарып, марапаттау рәсімін ұйымдастыруға қатысады;
- Олимпиаданы өткізу күні мен орнын, тәртібін анықтайды.

## **7. Олимпиаданың сараптау комиссиясының функциялары.**

22. Олимпиаданың қорытындысын анықтау үшін сараптама комиссиясы құрылады. Сараптама комиссиясының құрамын Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті қалыптастырады.

23. Сараптама комиссиясының құрамына республиканың жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарының ғалымдары, сондай-ақ өткен жылдардағы түрлі деңгейдегі кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздары кіруі мүмкін.

24. Сараптама комиссиясы келесі функцияларды жүзеге асырады:

- Олимпиада тапсырмаларын бағалау критерийлерін әзірлеу және бекіту;
- Белгіленген критерийлерге сәйкес командалардың жұмыстарын тексеру және бағалау;
- Әрбір турдың нәтижелерін хаттамаларға тіркеу және оларды электрондық таблода көрсету;
- Командалардың апелляцияларын қарау және қажет болған жағдайда шешімдерді қайта тексеру;
- Апелляциялар мен Олимпиада ережелерін сақтауды ескере отырып, әр команданың қорытынды ұпайларын анықтау;
- Олимпиаданы өткізу барысында туындайтын даулы мәселелер мен келіспеушіліктер бойынша шешімдер қабылдау;
- Жеңімпаздар ресми жарияланғанға дейін тапсырмалар мен нәтижелердің құпиялылығын сақтау;
- Олимпиаданы өткізудің әдістемелік және ұйымдастырушылық мәселелері бойынша ұйымдастыру комитетіне консультация беру.

## **8. Олимпиада жүлдегерлері мен жеңімпаздары.**

25. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» РҒПО-ның Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

26. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.